

"Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018 - 2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 37/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 45/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 қыркүйекте № 4917 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 шілдедегі "Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" №37/02 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4886 болып тіркелген, 2018 жылғы 09 тамызда № 87 (22 539) "Орталық Қазақстан", 2018 жылғы 09 тамызда № 87 (22 346) "Индустриальная Караганда" газеттерінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде 2018 жылғы 14 тамызда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа мазмұнда енгізілсін.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы", "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2018 жылғы "22" тамыздағы
№ 45/01 қаулысына
қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2018 жылғы "24" шілдедегі
№37/02 қаулысына 2 қосымша

2018-2019 оқу жылы күндізгі оқу нысаны бойынша мамандықтар бөлінісінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі

№	Жоғарғы білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі)	Оқу жылы 1 студенттің оқуына орташа есеп (мың теңгемен)	
				2018 жылғы 4 айға	2019 жылғы 8 айға
1	2	3	4	5	6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)					
1	6R112600	Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалардың	3	271,8	543,7
2	6R114400	Акушерлік және гинекология, оның ішінде балалардың	5	271,8	543,7
3	6R114300	Неонатология	2	271,8	543,7
Барлығы			10		